

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Жыртқыш аңдар: Қасқыр

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:**

- қасқырдың қандай екендігін естіген көргендерін естеріне түсіреді;
- үш тілде қайталайды, дауысты дыбысты (-), дауыссыз дыбысты (=) белгілейді, қайсысы буын санына сәйкес келетіндігін ажыратады;
- жыртқыш жануарлар суреттерін қасқыр суретімен салыстырамыз, ерекшелігін көрсетеміз;
- қасқыр бейнесі туралы ой түйіндейді;
- қандай қарындаш түсі жетпейді, анықта, суретті қалай бояйтындығыңды нөмерлеп, ретін нақтылайды;
- қасқыр суреті туралы ойынды тұжырымдайды.

**Пәнаралық байланыс:**

танымдық (*жаратылыстану, математика*)  
шығармашылық (*бейнелеу*)  
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)  
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)


**Білім алушы игеретін білік-дағды:**

- қасқыр туралы біліктерін кеңейтеді;
- үш тілде қайталайды, дауысты-дауыссыз дыбыстарды ажыратады, қайсысының саны буынға тең екендігін салыстыру дағдысын меңгереді;
- қасқыр бейнесін бейнеле, өз ойынды тұжырымда;
- бояу түсіне қажетті қарындаштарды нақтылауды, бояу алгоритмін реттеу дағдысын меңгереді;
- қасқыр суретіндегі қасқыр бейнесін қалай бейнелеуге болатындығы туралы ой қорытады.

**ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ<sup>1</sup>:**

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

**1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)**



<sup>1</sup> Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

<b>Топқа сұрақ:</b>	
	Дидактикалық ойын «Бұл не?». (суреттермен жұмыс) Қасқыр суретінің ерекшелігі қандай?
	
	 <p>Жолбарыс      Түлкі      Аю      Арыстан      Қасқыр</p>
	Ойың туралы бөліс... (коммуникациялық дағды қалыптасады)
<b>ЖЫРТҚЫШ АҢДАР – ҚАСҚЫР</b> (кітапшамен жұмыс)	
	1. <i>Полилингвалдық компонент:</i> үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)
<b>Өздік жұмыс</b>	<p>2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған аң атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз (<i>танымдық дағды</i>)</p> <p>3. Қасқыр суретінің сыртқы көрінісін ирек етіп белгілеуінің себебі неде?</p> <p>4. Қасқыр бейнесін бейнелеп көріп, оның нені бейнелеп тұрғандығын болжаймыз. Суретті бояу үшін, қай түс жетпейді, бояу ретін номерлейміз. Бояймыз.</p> <p>5. Жыртқыш аңдардың ішіндегі қасқырды бейнелеп, ой тұжырымдаймыз.</p> <div style="text-align: center;">  </div> <div style="text-align: right;">  </div>
	<p>6. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p style="text-align: center;"><i>Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.</i></p>